

Жұмбақ ақын

Иегінде іңірдің күн құлаған,
Қобыз үнмен күрсінген мұңды ғалам.
Ай сәулесі жүрекке ұя салмай,
Қас қабағын аша алмай тұнжыраған.

Қас қабағын аша алмай тұнжыраған,
Жанарымның ішінде түн құлаған.
Жыр кезеді - жел аяқ желдей ұшып,
Жыр жазады - хас ақын сүмбіл адам.

Көкейінде ақынның жыр ән ғана,
Күңіреніп, жыр тыңдап Тұранда ана.
Жыр көшкіні көшкенде естілетін,
Бұлттан биік ұшатын қыранға да.

Ғаламзатты емдеген Қасым жыры,
Қаламын да жатқандай ғасыр мұңы.
Ол дауыл еді, өшірген отты ауызды
Төленген бе, біздер де асыл құны ?!

Сен биік ең аспаннан Қасым ақын,
Түсіне алмай өлеңнің шарифатын.
Кетеміз бе өмірден құр су ішіп,
Бізге мұра сен жазған ғазиз хатың.

Сендік сезім, сендік сыр өз басына,
Айналғандай өлеңің сырласыма,
Сен ғашық ең, өлердей Маруфаға,
Мен ғашық боп көрмедім бұл жасымда .

Сендік ұйқас, сендік теңеу ол да ерек,
Өлең деген тең басса Жорға жел ед.
Ол да сенің еншіңде құдай берген,
Жүрген екен сұм-зұлмат жолда жебеп.

Қайысқандай пайғамбар қабырғасы,
Үркер жұлдыз құлады ғарыштағы.
Ол ақын ед, жұмбақ жан,
Текті өлең боп тартылған адырнасы.

Мекені болса екен деп ғаршағылдан*,
Биік пе деп жұлдызы барша құлдан?
Сұрайын ба, Құдайдан дұға тілеп,
Су ішерім таусылмай қалса сұлбам?!

Ғаршағыл*-Алланың аспандағы мекені.

САМАРҚАУ МЕЗГІЛ !

Сағымға сіңіп сарғалдақ.
сыбызғы сырнай самалдың үні.
Жайқалған жаздың ажары қашып,
Бағбан бақтардың базары солып,
ғазиз мекенде ғазалдың жыры,
Сағым ескенде тал -қарағайлар,
Жаулығын шешіп,ажалы жеткен
ажалдың күні.

Самарқау мезгіл!
Құс тізбегінен әз үні қалса
Қоңырқай күздің бар мұңы тамса,
Бұлақты еміп жер ана жатыр.
Сұрғылт күздей көр,әне,пақыр.
Күннің де қалып, қан ізі балша.
Жұпары аңқып, биылғы күздің паң гүлі солса.

Самарқау мезгіл!
Күз лебі тартып,жан жыры жеткен.
күлік бұлт көшіп мекенін іздеп.
Ақша таулардың кемелін күзеп.
Сары ала қаздың саңқылы неткен.
Сары ала белден сарыла күткен,
Жаураған қыздай таң нұры кеткен
Тіршілік...

Іңір.
Елес.
Ібіліс.
Көлеңкем,
Тыныстаған өз демім
Күбірлейді...

Өзге ше бір күй кешіп,
Іңір кеште.
Дұғасы да дуалы.
Жел-
күбір-сыбыр.
Кеңістікте құс үні.
Өзен толқыны
қайғылы ән.
Қар барқыт-бұлт.
Жердің көзі- аспан,
моншақ-моншақ тамшысы,
Ғаламға құлап әр күні.
Мен мұң ішем тамшы толтырып
Алақаныма.
Кермек-кермек ой жүріп,
Миымның қан тамырларында.
Күнәмнің дәрісі-қыз.
жүрегіме аққу ұя салмаған.
Қарға ойым тәңірсіз
шідерінен босаған,
еркінмін деп кезеді.
Алысқа қараймын бүркіт көзімен
томағамда қалып қойыпты
жанарымның от ізі.
Іңір.
Елес.
Ібіліс.
Көлеңкем.